**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Спорт және өнер факультеті**
**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

# №6 ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы**

**27.02.2023 ж.**

**Қатысқандар: комиссия төрағасы:**
1. Дайрабаев М.С аға оқытушы;

**Комиссия мүшелері:**
1. Г.Д.Абдуллаева-аға оқытушы;
2. Г.Г.Масадикова- PhD;
3. А.Күздеубаева-п.ғ.к.,аға оқытушы;
4. А.Сейтметова-ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы;
5. Ә.Исаев аға оқытушы;
6. Т.Қасенов аға оқытушы;
7. М.Пахридинова магистрант;
8. А.Дәрмеш студент;
9. Б.Балтабаева әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Комиссия хатшысы:** М.Сейсенбекова-аға оқытушы

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілуін қадағалау.
2. Факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, PLATONUS, ESUVO, т.б. ) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау.
3. ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау.
4. Ақпан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы М.Дайрабаев сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелерінің талдануын қадағалауын қарастырды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім беру қызметін, ХҚТУ білім беру саласында қолданылатын нормативтік құқықтық құжаттарын, оқуға қабылдау, стратегиялық құжаттарды ОПҚ құрамы университет сайтынан таныса алады:
Негізгі ҚР БҒМ бекіткен заңнамалары:
-Қазақстан Республкасының Конституциясы
-Қазақстан Республкасының білім туралы заңы
-Қазақстан Республкасының еңбек кодексі
-Қазақстан Республкасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім)
-Қазақстан Республкасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім)
-Қазақстан Республкасының әкімшілік кодексі
-Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының кодексі.
-Қазақстан Республкасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік

құқықтық актілері.
-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу қағидаларын бекіту туралы.
-Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу қағидаларын бекіту туралы.
-Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы.
-Қазакстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлқы қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы
-Заңнама «Саналы ұрпақ»
-Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

**ШЕШІМ:** 1. ҚР БҒМ бекіткен әкімшілік деректер нысандарын факультетте, кафедраларда толтырудың толықтығын, нақтылығын және уақтылығын қамтамасыз етілу қанағаттанарлық деп танылсын.

**Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрағасы М.Дайрабаев күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғалды: факультетте, құрамындағы кафедраларда Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, AYU PORTAL, ESUVO,т.б) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмыс істеуін қадағалау.
Г.Абдуллаева: Факульттетің ББ жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесінің платформасында ББ тізіліміне енгізіліп отырылады. Бұл ББ бағдарламаларын квалификациялық талаптарға сәйкестігін көрсетеді және мемлекеттік грант алуға үлкен септігін тигізеді.Университеттің заманауи инфоқұрылымы жаңа жобаларды дамытуға бағытталған аудиториялардың материалдык техникалық жабдықталуын, ақпараттық-ресурстық орталықтарын, «open space» (ашық) кеңселерін қамтиды. Дәл осындай жабдықталған цифрлық платформа және Е- университет, SMART кампус, білім алушыларға,қызметкерлерге және оқытушыларға алға қойған тапсырмаларды барынша кәсіби жайлылықпен жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді. Жалпы университеттің IT құрылымы жаңартылуда: университеттің іс-әрекетіне қазіргі заманға сай бағдарламалармен қамтамасыз етілуде: тиімді және сапалы оқыту үшін қажетті техникалармен жарықтандырылуда; БАҚ, әлеуметтік желілерде, веб-сайттарда университет Ф-ОБ-001/065 Тыныс-тіршілігі жарнамалануда.

**ШЕШІМ:** 2. Факультетте Ұлттық білім беру деректер қорымен біріктірілген және білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайт, AYU PORTAL, ESUVO,т.б) және кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желінің тұрақты жұмысы қолға алынсын. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға,сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұдайы ұйымдастырылсын.

**Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөнінде комиссия төрағасы Дайрабаев Мақсат сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тыңдады. ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды уақытылы жаңартылуын қадағалау.
Ә.Исаев: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сайты әлемдік ақпараттық кеңістікте Университет атынан өкілдік ететін ресми сайт болып табылады. Сайтты бағдарламалық-техникалық және ақпараттық әкімшілігін IT департаменті мен университеттің Медиа орталығы Ахмет Ясауи университетінің ресми сайты бойынша ереже талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Әрбір білім алушы оқудың барлық кезеңі ішінде келесі ақпараттық білім беру ресурстарына жеке шектеусіз қолжетімділікпен қамтамасыз етілген:
- Университеттің ресми сайтына;
- Университет кітапханасы;
- Қашықтықтан оқыту жүйесіне
Оқу үдерісін ұйымдастыру туралы толық ақпарат оқу үдерісін басқару бойынша ақпараттық-талдау кешенінде ұсынылған және білім алушының жеке логині мен құпия сөзі бойынша университет сайтынан қолжетімді.Сайтта орналастырылатын материалдар

бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ресми ақпаратқа қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс: жалған ақпарат орналастыруға, нормаланбаған лексиканы пайдалануға, діни немесе ұлтаралық алауыздықты қоздыратын және т.б. шақыратын ақпараты бар ресурстарды орналастыруға тыйым салынады. Мониторинг барысында Спорт және өнер факультеті бойынша ақпараттың уақтылығы, өзектілігі, нақтылығы қанағаттанарлық деңгейді көрсетті.



**Шешім:** ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттар университет сайтында орналастырылуын, оларды уақытылы жаңартылуын қадағалау қанағаттанарлық деп танылсын.

**Тыңдалды:** Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы М.Дайрабаев күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алып, ақпан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады:

1. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін, аттестаттау нәтижелері талданды.
2. ББ білімгерлерініңоқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау сауалнамаларының нәтижелері талданды.
3. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын қатаң сақталуы қолға алынсын.

**Шешім:** Факультеттегі ақпан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

**ФСҚЕК төрағасы:** М.Дайрабаев

**Хатшы:** М.Сейсенбекова